



DEPARTMENT OF
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ МОДЕРНИЗАЦИЯСЫ:
ПЕРСПЕКТИВАЛАР МЕН СЫН-ҚАТЕРЛЕР**

Х-шы Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
5 мамыр 2020 ж.

**СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ
КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА:
ПЕРСПЕКТИВЫ И ВЫЗОВЫ**

Материалы X-Международной
научно-практической конференции
5 мая 2020 г.

Нур-Султан, 2020

УДК 327(063)
ББК 66.4 (0)
С 69

Редакционная коллегия:

Доктор политических наук, профессор **Р.А. Нуртазина**, Казахстан
Доктор политических наук, профессор **Е.В.Матвеева**, Россия
Доктор политических наук, профессор **Хасан Язиджы**, Турция
Депутат VI Созыва Палаты представителей Национального собрания
Республики Беларусь – **Жданович Павел Леонидович**

Организационный комитет конференции: E-mail: polscience323@gmail.com

Информация о конференции на сайте: enu.kz

Рыстина И.С. – доктор PhD, доцент, зав.кафедрой политологии

Копежанова Д.Е.- доктор PhD, доцент кафедры политологии

Болатулы Нуржан – преподаватель кафедры политологии

**«Социально-политическая модернизация казахстанского общества:
перспективы и вызовы».**

Сборник материалов X- Международной научно-практической
конференции. (5 мая 2020 г) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

ISBN 978-601-337- 131-3

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки, философии Абая Кунанбаева в современных социально-политических реалиях, волонтерства в контексте формирования гражданского общества и реализация программы «Рухани жангыру», как новые тренды духовного обновления нации.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-337- 131-3

© Кафедра политологии
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2020.

7. Иваненко Л.В. Зарубежный опыт эффективного управления многоквартирными домами // Вестник Уфим. гос. нефт. техн. ун-та. – 2014. – № 7. – С. 146–150.
8. Акунина О.М. Зарубежный опыт государственного регулирования воспроизводства жилищного фонда [Электронный ресурс] // Политика, государство и право. – 2015. – № 3. – URL: <http://politika.snauka.ru/2015/03/2521> (дата обращения: 20.11.2016).
9. Смирнова И.В. Управление имуществом мегаполиса: проблемы и развитие. – СПб.: Изд-во С.-Петербур. гос. инж.-экон. ун-та, 2004.
10. Комиссарова Л.А. Зарубежный опыт управления жилищным фондом на рынке ЖКУ // Вестник Нижегород. гос. инж.-экон. ин-та. – 2014. – № 7. – С. 145–158.
11. Кутакова, Т. Б. Опыт создания кондоминиумов за рубежом / Т. Б. Кутакова // Журнал руководителя и главного бухгалтера ЖКХ. – 1999. – № 4. – С. 18 – 25.
12. Система водоснабжения и канализации во Франции// Коммунальный комплекс России. – 2010. – № 3. – С. 12 – 17.

Шалтай Еркебұлан Алтынбекұлы
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты
Yerkebulan08shaltay@gmail.com
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ МЕН ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

XXI ғасыр білім мен ғылымның өркендеп, ақпараттық кеңістіктің басымдық алған заманы болып отыр. Барлық еңбек саласында технологиялар даму үрдісіне түсіп, жаңашылдыққа кім бірінші болып қол жеткізсе соның үстемдігі орнайтыны қазіргі өмір талабы. Мемлекеттің алып күшке еніп, алпауыт алдыңғы қатарлы мемлекеттермен терезесін тең ұстап, бәсекеге қабілетті болуы үшін әуелі экономикасын, елдегі әлеуметтік жағдайды көтеріп, алға жетелейтін басым бағыттарды назардан тыс қалдырмау даму жолында жасаған нық қадамы болып есептеледі.

Әрине, мемлекет әл-ауқатының көтерілуі сол даму салаларында қызмет ететін еңбек күшіне негізделген. Еңбек күші дегеніміз ол – халық. Әр елдің халқы сол мемлекеттің имиджін, сол мемлекет жайында басқа адамдардың не ойлайтындығы жайлы түсінік қалыптастыруына сеп береді. Оның дәлелі ретінде саяси жағдайларды, ғылыми жаңалықтарды, спорттық-мәдени жетістіктер мен салт-дәстүрлерін негізге ала аламыз. Жаңашылдық пен өзгерістерге тез бейімделетін жастар қауымын өз мемлекетті әлемге танытуына мүмкіншіліктерінің көп екенін әлем немесе өз еліміздің тәжірибесінен байқауға болатынын аңғардық. Сондай жастарымыздың қарасын көбейтіп, ортақ құндылыққа жұдырықтай жұмылатын патриот жастар қоғамымызға ауадай қажет.

Зерттеу жұмысының барысында айтып өткендей «Адам патриот болып тумайды патриот болып қалыптасады» демекші, болашақты жасауда, болашақты жасайтын адам қалыптастыруда бәріде өз қолымызда. Ортақ өшпес идеология жолында жұмылатын, отанына адал ұрпақты тәрбиелеп шығаратын саяси жүйенің басым бағыты. Осы жолда билік жастарды тура, дұрыс жолға салып тәрбие-білім беретін негізгі күш.

Патриот жастардың білім алудан кейінгі үлкен өмірге аяқ басып, келесі кезеңге өтуі үшін жұмыспен қамтылуы керек. Тұңғыш Президент жолдауында көрсетілген басты міндеттердің бірі жастардың жұмыспен қамтылып, жұмыссыздық деңгейінің артуында. Маслоу теориясына сәйкес адамзаттың алғашқы биологиялық қажеттіліктерін қамтамасыз еткеннен кейін, оның саяси белсенділігі мен патриотизмдік принциптарды ұстануы жүзеге асады. Мемлекет тарапынан жастардың жұмыспен қамтылуы үшін қайта даярлау орталықтар, арнайы курстар жұмысын бастады. Одан бөлек әлеуметтік салада аса сұранысқа

ие мамандық иелерін ауылдық жерлерге қызмет жасау үшін «Дипломмен ауылға» жоба ойластырылды. Патриотизмнің негізгі белгісі туған жерге қызмет ету, оның өркендету мен даму десек аталмыш бағдарламаның елімізді алға жетелеуде маңызы айрықша.

Ұлттық экономика вице-министрі Ермек Алпысовтың 2019 жылғы 7 тамыздағы деректеріне сүйенсек, аталған бағдарлама арқылы 100 АЕК немесе 252 500 теңге көлемінде көтерме жәрдемақы төлеу жөніндегі әлеуметтік қолдау шаралары қарастырылған. Сонымен қатар 3 787 500 теңге көлемінде бюджеттік несиесі қарастырылған. Жобаны жүзеге асыру барысында 60 мың маманға көтерме жәрдемақы берілсе, 27,5 мың маманға үй алу және т.б әлеуметтік жағдайды жақсартуға бағытталған несиелер берілген. Ауылдық өңірлерге келген мамандардың арасында білім беру саласының өкілдері көш бастап тұр. Бұл дегеніміз болашақ елімізді дамытатын жастарды, бүгінгі жоғарғы оқу орындарында лайықты білім алған мамандар даярлап жатыр деген сөз. Ауылдық жерде жұмыс істеп ел дамуына өзіндік үлесімді қосамын деген кез-келген маманға жақсы жағдай қарастырылған. Тіпті, 2011 жылы тұрғын үй сатып алуға арналған несиесі көлемі 630 АЕК-тен 1500 АЕК-ке ұлғайтылып, жастар баспанамен қамтамсыз етілді. [1] Статистикалық мәліметтерге сүйенсек еліміздегі жастардың 43,5% ауылдық жерлерде тұрады. Бұл дегеніміз болашақ оқу орындарын бітіретін мамандардың туған жерге барып қызмет етуші жастардың саны жылдан жылға артып, мүмкіндіктер аясы кеңейетінің бірден бір көрінісі.

Жастарды жұмыспен қамту бұл жобамен тоқтап қалған жоқ. Мемлекеттің арнайы тапсырмасымен жүзеге асқан тағы бір тың жоба «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасы аясындағы жастар практикасы. Көптеген білікті жас мамандардың тәжірибесі болмау салдарынан жұмыс табу процесі қиындайды. Мемлекет осы жағдайдың алу үшін оқу бітіргеніне үш жыл толған жас мамандарды түрлі ұйымдардан тағылымдамадан өтуіне мүмкіндік сыйлайды. Осы туындаған мүмкіндік нәтижесінде қазақстандық жастар тәжірибелерін шыңдап, жаңа жұмыс орындарының пайда болуына ықпал етеді. Ал, оларға төленетін жалақыны ұйым емес, мемлекет өз мойнына алған.

Жоғарыда көрсетілген жастардың жұмыспен қамтылу ел дамуы үшін маңызды аспект болып отыр. Бұл бағдарламалардың арқасында жұмыссыздық деңгейі азайып, жастардың жұмыспен қамтылуы артады. Еліміз пайда тигіземін деген әр жасқа осылай қосымша мүмкіндіктер мемлекет тарапынан қарастырылған.

Зерттеу жұмысы аясында Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындарына, басым көпшілігі жастар қауымынан 550 адамға сауалнама жүргізілді. Сауалнама үш түрлі өткізілу форасын қамтыды. 150 адамнан астам онлайн форматында жауап берсе, 100 адам далалық әдіс бойынша, 300 адам жазбаша жауап берді. Респонденттердің 95% жастарды, 5% өзге жастағы азаматтарды қамтыды. Сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі жастардың патриоттық деңгейі орташа, бойларында патриоттық сезім қалыптастыру үшін ең алдымен тәрбиеге, білімге, мәдениет пен салт-дәстүрге баса назар аудару керек деген ой білдірді. Жастардың арасындағы ең өзекті мәселелерге жұмыссыздық, ақыл-ой ағымын, білім алу деңгейіндегі олқылықтар мен бұзақылықтарды жатқызды. Және осы күрделі мәселелердің шешімі тікелей патриотизммен байланысты екенінде растайды.

Сауалнама барысында қызықты талқылауға түскен «Патриотизм өмірдің қай бөлігінде қалыптасады?» деген сұрақ болды. Респонденттердің басым бөлігі өмірдің барлық кезеңінде дегенді белгілесе де, балабақша мен мектепте негізі қалыптасатынын алға тартып отыр. Демек, сауалнамаға қатысушылардың пікіріне сүйенер болсақ, отанға деген махаббатты барлық кезеңде де насихаттай аламыз, бірақ оны индивидтің бойында қалыптастыру оның бала күнінен яғни балабақшадан бастау алатындығын аңғарамыз. Дәл осы процесстің жүзеге асуы үшін тәрбие, білім, дәстүр мен мәдениетке көп көңіл бөліну керек екендігі жастардың ойы болып табылады.

Заман дамып, ақпарат алмасқан сайын біздің бүгінгі алған біліміміз ертеңге ескіріп қалу мүмкін. Сондықтан оны күнделікті жетілдіріп, жаңартып отыру қажет. Қазіргі білім алу жүйесі соған негізделіп құрылған. Солардың бірі Тұңғыш Президент тапсырмасымен

құрылған «Болашақ» халықаралық стипендиясын атап көрсетуге болады. Ел Тәуелсіздігін алған тұста еліміздің жетекші салаларына сапалы кадрлардың тапшылығы анық сезілді. Егемендіктің алғашқы жылдарында білікті мамандардың барлығы шетелдерге жақсы табыс көзі және мансап қуалау мақсатында кетіп жатса, отандық мамандардың саны еліміздің дамуына елеулі өзгеріс әкеле ала алмады. Соның нәтижесінде көптеген өндіріс салаларында білімді менеджерлер мен ұйымдастырушылардың орнын алмастыруға шетелден қымбат бағаға кадрлар тарту басталды. Бірақ, бұл ұзақ уақытқа арналмағандықтан, мәселенің басқаша шешу жолын қарастыру жолға қойылды. Соның нәтижесінде 1993 жылы Елбасының ықпалымен «Болашақ» халықаралық стипендиясын құру идеясы жүзеге асты.

XXI ғасырда елімізді озық елдер қатарынан көру үшін адами капиталды дамыту керек. Кез келген саланың мамандары сауатты, әлемдік бәсекеге қабілетті, зияткерлік деңгейі жоғары болса, ол ел дамуының негізгі көзі болады. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекеге қабілетімен айқындалатынын Елбасы әрқашан жастардың ойына салып отырады. Ал адами капиталдың сапасын арттырудың бірден-бір жолы – білім саласы озық елдерде оқып, тәжірибесімен танысу, талдау жасап, тағылымын алу.

Халықаралық бағдарламалар орталығы жүргізген деректерге көз жүгіртейік. Бүгінге дейін он мыңға жуық стипендиат «Болашақ» бағдарламасы бойынша тәлім алды. Олардың 3000-ға жуығы әлеуметтік салада жұмыс істейді. Білім мен ғылымға берілген 2000-нан астам түлек сонда жүр. Денсаулық сақтау мен өндірістік салада жүргендер саны 1000-ға жақындап қалды. 804 түлек мемлекеттік қызмет атқарады. Солардың барлығы ел үшін аянбай еңбек етіп жүрген азаматтар. Білім алушы жастардың басым көпшілігі Ұлыбритания, Ирландия, АҚШ, Қытайды ең беделді оқу орындарында өз біліктіліктерін жетілдіруде. [2]

Бағдарлама аясында білім алған жастардың көбісі бүгінгі таңда жоғары шенді қызметтерді атқаруда. Бұл олардың сапалы білім алып, өз қабілеттерін жоғары деңгейде дәлелдей алғанының бірден бір көрінісі. Үкіметте, министрліктер мен жергілікті атқарушы органдарда, квазимемлекеттік секторда жемісті еңбек етуде. Солардың бірі Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Сейдірұлы Көлгінов «Болашақ» бағдарламасының түлегі. Қазіргі таңда Елорда басшысы еліміздегі өңір басшыларының арасындағы жас кадрлардың бірі. Бұл туралы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Nur Otan» Халықтық Демократиялық партиясының былтырғы жылдың тамыз айында саяси кеңестің кеңейтілген отырысында атап көрсетті [3].

Бұндай бағдарламалар халық арасында «ақыл-ой ағымына» алып келеді деген көптеген күндектерді туғызып жатыр. Дегенмен, Халықаралық бағдарламалар орталығының басшысы Жанболат Жарылқасынұлының сөзінше мемлекет бюджетінен шетелде оқып, алайда сол жақта жұмыс жасауға қалып қойған мамандардың саны 161 адамды құрап отыр. Бүгінгі таңда олар мемлекет бюджетіне келтірген шығынды толығымен өтеп, қайтадан қалпына келтіріп жатыр. [2]

Жалпы отандық мықты мамандардың шетелге кетпеуі үшін бірнеше факторларды атап көрсетуге болады. Олардың ең алғашқысы бітірген түлектер үшін лайықты жұмыс орындарын тауып беру. Қазіргі таңға дейін он үш мыңға жуық түлек «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде білімдері жетілдіріп, еліміздің алдыңғы қатарлы салаларында жұмыс жасап жатқанын көрдік. Елбасының халқыққа бұған дейінгі жолдауларында да жоғары сапалы кадрларға әрқашан лайықты қызмет табылатынын баса айтып келеді.

Екінші жағдай шетелге оқуға кететін талапкерлердің бойына отансүйгіштік пен патриотизмді сіңіру. Өткен тарихы мен дәстүрлі құндылықтарын қалыптастыру, сонымен қатар осы елдің кемелді келешегіне пайда тігізуге ықпалдастық жасау. Халықаралық тәжірибелерде де шетелдік жоғары оқу орындарында білім алып жатқан студенттерге туған елге келіп қызмет ету жөніндегі идеологиялар арқылы оларды отанына қайтару профилактикасы жүйелі түрде жүргізіліп отырады [4].

Көріп тұрғанымыздай мемлекет жастардың білім алуы жолында көптеген игі қадамдарға барып жатыр. Осы арқылы сапалы кадрлар дайындалып, олар ертең еліміздің дамуы жолында көптеген пайдалы істер атқарары сөзсіз. Халықаралық тәжірибелердің үлгісі нәтижесінде біздің жастар солармен терезесі теңдей бәсекеге түсе алатын білім алуда.

Дегенмен жаһандану процесі қарқынды жүріп жатқан заманда қорғаныс мәселесінде естен шығаруға болмайды. Қазақстан Республикасының қорғанысына жауапты әскердің саны бұл күнде сексен мыңнан астам. Еліміз ТМД кеңістігіндегі әскери ұйым ҰҚШҰ-ға кіреді. Жастарды патриоттық тәрбиелеудегі әскердің де маңызды рөл атқаратынын естен шығармауымыз керек. Елімізде жыл сайын көктемгі және күзгі әскерге шақыртулар нәтижесінде жыл сайын мыңдаған жас отан алдындағы борыныш абыроймен өтейді. Тарихи оқиғалар мен ақпараттар білетініміздей қазақ сарбаздары қашанда отан алдында қасық қаны қалғанша айқасып, елдің ұлы мұраты жолында жан аянып қалмайды. Бүгінгі күннің сақшалырыда жас жеткіншектерге үлгі. Солардың бірі Ербол Отарбаев отан алдындағы борышын өтеудегі жанқиярлық ерлігі. Ақтау түрмесінен жаппай қашушыларға қарсы ерліктің ерен үлгісін көрсеткен қатардағы жауынгер барлық қазақ әскерінің бүгінгі келбеті десек болады. Осындай жағдаяттарды көріп қаншама жастарымызға елді сүю, отанға қызмет сынды ең құнды сезімдер біздің айбынды әскеріміз арқылы келіп жатқанын көреміз [5]. «Отанға қызмет-абыройлы» міндет бүгінгі қазақ жастарының басты ұранына айналып отыр.

«Еңселі боламын десен, бесігіңді түзе» дейді халық даналығы. Жастардың ерте күннен елдің қамын ойлайтын азамат болып шығуы мемлекеттің мойынына ғана жүктелген міндет емес, әр адамның саналы түрде ойлап өзінің де, айналасының да жақсы өмір сүруі үшін білім алып, ел ертеңіне пайдасы тиігзу болып отыр. Бұл жағдайда жастардың саяси сауатты, интеллектуалдылығы жоғары, қоғамдық өмірдің белсенді азаматтары болуы тиіс. Сонда ғана осындай патриот, жан-жақты жастар азаматтық қоғамның құраушы факторына айналады.

Сөзіміз дәйекті болуы үшін бүгінгі күні жастардың жан-жақты дамуына үлесін қосып отырған түрлі үкіметтік емес ұйымдармен, жастар қоғамдық бірлестіктерінің жұмыстарына тоқтала кетсек. Себебі, бүгінгі таңда көптеген жастар осы әлеуметтік баспалдақтар арқылы түрлі сындарлы кезеңдерден өтіп, өзінің біліктілігін арттыру арқылы жоғары дәрежедегі жетістіккерге жетіп, биік белестерді бағындыруда.

Бүгінгі елімізде жастардың дамуы мен идеяларын іске асыруға арналған үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдар, қорлар, қоғамдық бірлестіктер жүйелі жұмыс атқаруда. Олардың ішінде барлық өңірлер бойынша, жастар ресурстық орталығы – 209, әкімдіктер жанынан құрылған Жастар ісі жөніндегі кеңестер – 218, Жастар ісі жөніндегі комитеттер – 897, жастар ұйымдары – 596. Міне, бүгінгі таңда жастарға мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдау осылар болып отыр.

Солардың ең ірілеріне тоқталып кететін болсақ. Қазақстан студенттер альянсі. 2005 жылы құрылған ұйымның құрамында бұл күнде жиырма мыңнан астам студент жастар бар. Барлық өңірлерді қамтитын ұйым жастардың өзін-өзі дамыту, интеллектуалды даму, сонымен қатар идеяларын еркін іске асыруға бағытталған. Азаматтық қоғамның бірден-бір көрінісі әділетті қоғам десек, альянстың бастамасымен «Таза сессия» жобасы іске асып, қазіргі таңда «Жас Отан» жастар қанатының қол астына берілді. Соның нәтижесінде көптеген жоғары оқу орындарында пара алудың жолы кесілді.

Еліміздегі ең беделді ұйымның бірі – Қазақстан Жастар Конгресі. Құрылғанына он жеті жылдай уақыт болған ұйымның негізгі іргетасын қалаушы Дариға Назарбаева. Бүгінгі таңда ұйымның бас болуымен көптеген іс-шаралар атқарылды. Соның ең ықпалдысы «Жасыл Ел» экологиялық жобасы. Бүгінгі күнге дейін 2,5 миллионнан астам жасты құрамына жинаған ұйымның басты мақсаттарының бірі – азаматтық қоғам қалыптастыру болған болатын. Ұйымның қазіргі басшысы Тоқтар Болысов «Әлемнің көптеген мемлекеттерінде болдым, жастарымен таныстым. Сондағы көзім жеткен нәрсе – біздің

Қазақстандық жастардық азаматтық белсенділігі жоғары және саяси сауаттылықтары жылдан жылға артып келеді. Бұл біздің ұйым үшін де маңызды нәрсеге айналып отыр» дейді.

Еліміздегі ең ірі жастар ұйымдарының бірі – «Жас Отан» Жастар Қанаты. «Nur Otan» халықтық демократиялық партиясының жанынан құрған аталмыш ұйымның құраманыда бұл күнде 164 мыңнан астам жас бар. Бұл құрылымның жүйесіне сәйкес бастауыш партия ұйымдары, жергілікті өзін-өзі басқару бірлестіктерінен тұрады. Осы баспалдақтан өткен көптеген мамандар бүгінгі жергілікті және аймақтық басқару мекемелерінде жұмыс атқаруда. Одан бөлек жастардың тіл білуіне, спортпен айналысып, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, жастардың бойына патриоттық рухты сіңіруде кешенеді түрде жұмыстар атқарылған болатын.

Көріп тұрғанымыздай еліміздегі жастарға арналған ұйымдардың жүйелі жұмысы еліміздің дамуының бірден-бір көрсеткіші екенін көрсетеді. Осындай сапасы, прагматикалық жұмыстардың нәтижесінде ғана біз болашаққа нық сеніммен қарай аламыз. Елбасының жастарға осыншама көңіл бөлуінің де бірден бір себебі осы болып отыр. Аталған ұйымдар мемлекет бюджетінен қаржыландырылып, алдағы уақытта жастармен жұмысын жалғастыратын болады. Жастарға көбірек мүмкіндік сыйлау мақсатында жергілікті әкімдіктер мен басқару органдары да жастармен тығыз байланыс орнатып отыр.

Біз баяндап отырған түрлі ұйымдардың жастарымызға тың серпін болғаны сөзсіз. Осы тұста азаматтық қоғамның қалыптастырушы факторы ретінде үкіметтік емес ұйымдар деп қарастырсақ, олардың жүйелі жұмысының нәтижесінде жастардың саяси белсенділігі, салауатты өмір салтын ұстануы, қоршаған ортаның дамуы мен мемлекетті алға сүйреуін назарға аламыз. [6]

Қазақстандық жастар қашанда ел үшін болып жатқан өзгерістер кенде қалған емес. Президенттік сайлау, парламенттік сайлау, форумдар, конференциялар, съездерде қазақстандық жастар жоғары белсенділік танытады.

Бүгінгі таңда жастардың саяси белсенділігі туралы сөз қозғасақ, олардың мемлекет ісіне тигізіп жатқан көмектерін көре аламыз. Сөзіміздің басында еліміздегі іргелі партиялардың бірі «Nur Otan» халықтық демократиялық партиясының жанынан құрылған «Жас Отан» жастар қанатының жастарға тигізіп жатқан пайдаларын айта кеткен болатынбыз. Еліміздің Парламентінен орын алып отырған «Ақжол» демократиялық партиясы және Қазақстан коммунистік халық партияларының жастар қанаты да жүйелі жұмыстар атқаруда. Қазіргі таңдағы жастардың 5,8% саяси партиялардың мүшесі болып табылады. Бұдан бөлек бастауыш партия ұйымдары, жергілікті партия ұйымдары, жастар қанаттарында жастардың қосып отырған үлкен үлесі бар. Сонымен қатар, жергілікті жастар маслихаты да жүйелі жұмыс атқаруда. Сондықтан да, Қазақстан Республикасында жастардың саяси белсенділігі үшін жағдай жақсы деуге болады.

Осы мәселеге байланысты қосымша тағы біренеше дерек келтіре кетсек. 2020 дейін жастар саясатын дамыту бойынша, маслихаттардағы жастардың үлесін 20%-ға дейін көтеру міндеті қойылған. Мысалы, 2007 жылы Мәслихаттағы жастардың үлесі 2,3% құраса, 2012 жылы 3,9% құрап отыр. Жастар ісін дамыту жобасы бойынша биыл жылды қоса алғанда барлық деңгейдегі мәслихаттардың 14% жастар құрауы керек.

Мысалы, әлемнің 42 мемлекетінде Парламентке кандидаттық 18 жастан басталады. Бұл дегеніміз жастардың мемлекет ісіне араласудағы белсенділіктің жоғары екенін көрсетеді. Сонымен қатар, көптеген мемлекеттерде жастардың мемлекет ісіне араласуы және олардың потенциалдарын толық ашу үшін жергілікті басқару органдарындағы тәжірибелі мамандарды жұмылдыру арқылы түрлі тренингтер мен тәрбие сағаттары ұйымдастырылады [7].

Қазіргі біздегі басқару жүйесінде де түрлі үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекеттік секторлардың өзі де белсенді саяси жастарды қалыптастыру үшін жүйелі жұмыстар жүргізіп жатыр. Соның бір мысалы, партияның өкілдері өздерінің жастарына арнап саяси жазғы лагерлер ұйымдастыру, шеберлік сағаттарын өткізу, әртүрлі салада жоғары жетіске жеткен

мамандармен кездесу жұмыстары. Оның ішінде ел алдында жүрген белгілі саяи тұлғалармен ашық сұқбаттар құруды айтсақ болады.

Жоғары білімді, саяси сауатты, өзінің ойын жасқанбай ашық айта алатын жігерлі жастар ғана еліміздің дамуына өзіндік үлесін қоса алады. Осындай патриот, табысты жастардың да ел біліп тануы үшін «Қазақстанның 100 жаңа есімі» атты жоба жүзеге бастады. Жобаның мақсаты әрүрлі салада ел дамуына үлес қосып жатқан жастарды халыққа таныту, олардың келешек істеріне шабыт сыйлап мотивация беру. Сөзсіз осындай сала мамандары жапай бұқаралық насихатталудағы сипат алу, келешек буынның өз істеріне ықтиярлықпен қарап, патриот азамат болып шығуына септігін тигізеді. Көптеген жастар алдыңғы буын ағаларынан үлгі алып, жобаның тигізіп жатқан шараптын көргеннен кейін, өзі де жетістікке талпынып, тәуелсіз еліміздің тарихында өз үлесін қосуға тырысады. Елбасының «Кемел Қазақстанның болашағы – әр жастың қолында» деген сөзі бүгінгі ұрпақтың арманына қанат бітіріп, болашаққа нық қадам бастырады.

Қазіргі таңда жастарға жасалып жатқан мүмкіндіктің шегі жоқ. Елбасы өзінің жолдауында 2019 жылды «Жастар Жылы» деп жариялаған болатын. Бұл да өз кезегінде жастарға жасалған үлкен мүмкіндіктің бірі болды. Шынында да «Жастар жылы» аясында жастардың өзіндік қарым-қабілеттерін ашып көрсетер жобалар жүзеге асырылды. Жастардың алға жылжуына сеп болған осы бір жылға кеңінен тоқталып кетсек.

Елбасының қатысуымен өткен «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты салтанатты шарада ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Жастар жылының» аясында бірнеше тапсырмалар жүктеген болатын. Оның алғашқысы жастарды баспанамен қамту бағдарламасын жүзеге асыру. Еліміздегі үш мегаполис Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында қол жетімді бағада жалдамалы пәтерлер салу тапсырылды. Пәтер алу мүмкіндігіне келер болсақ, елі үшін аянбай қызмет етіп, белегілі бір салаларда жетістікке жеткен жас мамандар мен жас отбасыларға басымдылық берілді. Бұл қазақстандық патриотизмге берілген ең үлкен бағаның бірі еді. Осы орайда тұрғындары миллионнан асқан үш мегаполиске жекелеген арнайы тапсырма берілді. Себебі халқы миллионнан асқан шаһарларда білім беру, ғылым мен мәдениеттің даму қарқыны жоғары болады. Бізде ірі шаһар ретінде Алматы ғана болған еді, енді Астана мен Шымкент те осы деңгейге жетті. Тағы да екі қала осындай межеге жету алдында тұр. Осы ірі қалаларда жылына 1 мыңнан кем емес пәтер жұмыс істейтін жастар үшін салатын боламыз - деді Елбасы.

Сонымен бірге кәсібін дөңгелетемін деген жастарға «Жас кәсіпкер бағдарламасы» жүзеге асуы жолға қойылды. Жоба аясында үш жүз мыңға жуық жас кәсіптің қыр-сырын меңгерсе, соның кем дегенде сексен мыңы өзінің кәсіптерін ашып, ел дамуы жолында жұмыс жасайтын болады. Бұл бағдарламаны жүзеге асыру үшін 32 млрд теңге бөлуді Елбасы үкіметке тапсырды. Сондай-ақ волонтерлікпен айналысатын жоғары оқу орындарының студенттерінің шәкіртақысына 30% қосуды қолға алды.

Салтанатты шарада жастардың ғылымға баулуға бағытталған «жас ғалым» гранты, әртүрлі сала мамандарын қолдауға арналған «жас маман» бағдарламасы, әскери-патриоттық тәрбиені жүйелі жолға қоюды тапсырды. Көріп отырғанымыздай аталмыш бағдарламалар арқасында еліміздің дамуы үшін жұмыс жасап жатқан патриот жастарға олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайларын көтеруге үкімет тарапынан жеткілікті деңгейде қолдаулар жүріп жатыр. Осы бағыттарды іске асыру бойынша мемлекеттік бюджеттен 24,6 млрд теңге қарастырылған.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің сайлауалды бағдарламасында жастарға жасалатын қолдау туралы айтып кеткен болатын. Соның нәтижесінде Президенттік жастар кадрлық резерві жасақталды. Бұл резерв мемлекеттік қызмет саласын жаңартуға, озық ойлы жас көшбасшыларды жұмылдыруға және жастарды ынталандыруға мүмкіндік береді. Бірақ мұны жоғары лауазымға ұсынылатын топ деп қарауға болмайды. Бұл жоба жастарды халыққа шын ниетімен қызмет етуге ынталандырды. Жобаның алғашқы нәтижелері ретінде көптеген жас мамандар өздерінің біліктіліктерін көрсету арқылы әртүрлі

деңгейдегі басшылық лауазымдарға тағайындалған болатын. Бұл мемлекет басшысының, Тәуелсіз Қазақстан Республикасының жастарына артылған үлкен сенімі деп білеміз.

Қазіргі таңда Қазақстандық патриотизмнің үлгісін бүкіл әлем қызыға тамашалап отыр. Жүзден астам ұлт пен ұлыстың басын татулықта қосып, жастарына мол мүмкіндік сыйлап отырған Қазақстан деген мемлекеттің болашағына көпшілік сеніммен қарайды. Қазақтың әнін әуелетіп, Нью-Йорк төрінде домбырамен Димаш Құдайберген ән салғанда тебіренбеген қазақ жоқ. Қазақтың зерлі оюлы шапанымен шаршы алаңда талай мықтыны жеңген Геннадий Головкин қазақ елінің батырына айналды. Соның арқасында қаншама елге атымыз шығып, кеудемізді мақтаныш сезімі кернеді. Мұз айдында шебер сырғанайтын Денис Тен жасындай жарқ етіп бүкіл әлемге қазақтың атын шығарды. Көріп тұрғанымыздай мемлекеттің сарабал саясатының арқасында қаншама жастарға мүмкіндіктер ашылып, қазақ елінің атын әлем естіді.

Сөзімізді қорытындылай келе, бүгінде Қазақстан әлем таныған алпауыт мемлекетке айналды. Елбасының жасаған сарабал саясатының арқасында біз бейбіт те, бақытты күн кешіп отырмыз. Еліміздің егемендігінің баянды болуы енді жастардың қолында. Тұңғыш Президентіміздің жолдауларында айқын көрсетілгендей біз осы елдің патриоты болуымыз керек. Бұл жаңа, дерес Қазақстандық патриотизм. Мемлекет тарапынан жастарды әртүрлі бағытта қолдауға арналған бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырып жатыр. Соның нәтижесінде біз отан алдындағы борышымыздың жауапкершілігін сезінуіміз керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Дипломмен ауылға жобасы. <http://government.kz/kz/news/press/v-ramkah-proekta-s-diplomom-v-selo-okolo-4-tysyach-specialistov-poluchat-zhile-v-2019-godu>
2. «Болашақ» - қазақ жастарына қанат бітіретін бағдарлама// «Egemen Qazaqstan» газеті. 2017 жыл 25 тамыз.
3. Назарбаев Н.Ә төрағалығымен «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында айтқан сөзі. <https://nurmedia.kz/ru/news/407-nursultan-nazarbaevtyntoragalgyymen-nur-otan-partijasy-sajasi-kenesinin-kenejtilgen-otyrysy-otti.html>
4. Шишов С.Е «Подготовка высококвалифицированных кадров в России и «утечка мозгов»//Вестник ФГОУ ВПО МГАУ 2010. №4 28-32 б
5. Криворученко В. Молодежная политика в Вооруженных Силах // Молодежная политика: информационный бюллетень. — 1995. -№ 85 - 87 и др.
6. Рябова Т. М. Выборы - дело серьезное. : деловая игра // Читай-город. - 2007. - № 11. - С. 43-47
7. Кочнев С.В «Участие молодежи в развитии местного самоуправления» 15.12.2014

Ғылыми жетекші
PhD докторы, доцент
Көпежанова Д. Е.